

КӘСІПКЕРЛІКТІҢ МӘНІ, ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

АНДАБАЕВА ГУЛЬМИРА КЕНЖЕГАЛИЕВНА



ДӘРІС СҰРАҚТАРЫ

01

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ШАРТТАРЫ

02

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ БЕЛГІЛЕРІ

03

КӘСІПКЕРЛІКТІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

04

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

05

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ЕТУ САЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
ЖІКТЕЛУІ

06

БИЗНЕС ПЕН ТҰТЫНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МОДЕЛДЕРІ
БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛІК ТҮРЛЕРІ


Кәсіпкерлік қызмет негіздері



Кәсіпкерлік қызметтің негіздері



Сурет – Кәсіпкерлік қызметтің шарттары



Сурет – Кәсіпкерлік қызмет белгілері

Кәсіпкерліктің атқаратын қызметтері

Экономикалық қызмет

Ресурстық қызмет

Жаңашылдық қызметі

Ұйымдастырушылық қызметі


Әлеуметтік қызметі

Басқару қызметі

Тәуекелге бару қызметі

СУРЕТ – КӘСІПКЕРЛІКТІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Кәсіпкерлік субъектілері



1. Кәсіпкерлік түрлері

Кәсіпкерлік келесі түрлерде жүзеге асырылуы мүмкін:

- ӨЗІНДІК
(ЖЕКЕ);

- БІРЛЕСКЕН
КӘСІПКЕРЛІК.

Өзіндік кәсіпкерлікті

бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлік

жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары:

- - ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі;
- - шаруа қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғынжайға ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;
- - жеке кәсіпкерлік ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік;
- - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де нысандар.

Кәсіпорын ресурстары

Ресурстар – экономикалық игіліктерді өндіру үшін қолданылатын факторлар. Экономикалық ресурстар деп тауарлар өндіру мен қызмет көрсетуге қолданылатын табиғи және адамдар көмегімен өндірілген ресурстарды айтады. Барлық экономикалық ресурстар және өндіріс факторлары ортақ қасиеттерімен ерекшеленеді, олар сирек кездесіп, шектеулі мөлшерде болады.

Материалдық ресурстар – бұл барлық табиғи ресурстар: егістік жерлер, ормандар, пайдалы кен орындары, су ресурстары, минералдар мен шикізат ресурстары. Табиғи ресурстар орны толтырылатын және толтырылмайтын болып бөлінеді. Олар жер бетінде біркелкі орналаспаған және қолдану мүмкіншілігі әрқашан бола бермейді

Адам ресурстары – адамдардың тауарлар өндіруге және қызмет көрсетуге жұмсалатын күштері мен ой-қабілеттері

Қаржы ресурстары – инвестициялық ресурстар – тауарлар өндіру мен қызмет көрсету үшін жіне тұтынушыға жеткізуге қолданылатын өндіріс

№	Жіктелу белгілері	Кәсіпкерлік қызметінің сипаттамасы				
1	Қатысушылар санына байланысты	Дара кәсіпкерлік			Бірлескен кәсіпкерлік	
2	Қызмет ету саласына байланысты	Өндірістік	Коммерциялық	Қаржылық	Кеңес беру	
3	Меншік нысанына қатысты	Жеке кәсіпкерлік			Мемлекеттік кәсіпкерлік	
4	Экономика салалары бойынша	Өнеркәсіптік	Аграрлық	Құрылыс	Сауда	
5	Аймақты қамтуы бойынша	Жергілікті	Аймақтық	Ұлттық	Халықаралық	
6	Көлемі бойынша	Микрокәсіпорын	Шағын	Орта	Ірі	
7	Бизнес пен тұтынушының арақатынасы бойынша	B2B		B2C	B2G	C2C
	Ұжымдық-экономикалық нысаны бойынша	Концерн	Консорциум	Синдикат	Картель	Қаржы-өнеркәсіптік топ
8	Ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша	Акционерлік қоғам		Шаруашылық серіктестік	Өндірістік кооператив	Мемлекеттік кәсіпорын

Кәсіпкерлік түрлері



«BUSINESS TO CONSUMER»-B2C, ЯҒНИ «ТҰТЫНУШЫҒА АРНАЛҒАН БИЗНЕС» – БҰЛ ӨНДІРУШІ НЕМЕСЕ САТУШЫ ӨЗ ӨНІМІН САТУ ҮШІН ТІКЕЛЕЙ ТҰТЫНУШЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЖАСАЙТЫН КӘСІПКЕРЛІК ТҮРІ.

«BUSINESS TO BUSINESS»-B2B, ЯҒНИ, «БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН БИЗНЕС» – ӨНІМДЕРДІ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ САТУШЫ ОЛАРДЫ СОҢҒЫ ТҰТЫНУШЫҒА ЕМЕС, БАСҚА БИЗНЕСКЕ ӨТКІЗЕТІН КӘСІПКЕРЛІК ТҮРІ.

«BUSINESS TO GOVERNMENT»-B2G, ЯҒНИ «МЕМЛЕКЕТКЕ АРНАЛҒАН БИЗНЕС» – ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ САТУШЫ ОЛАРДЫ СОҢҒЫ ТҰТЫНУШЫҒА ЕМЕС, БАСҚА БИЗНЕСКЕ ЕМЕС, МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМҒА ӨТКІЗЕТІН КӘСІПКЕРЛІК ТҮРІ.

Жеке-дара кәсіпкерлік – бұл бір адамның иелігіндегі іс.

Артықшылығы	Кемшілігі
<p>а) әрбір меншік иесі кәсіпорынның барлық табысына иелік етеді;</p> <p>б) меншік иелері өз-өзіне билік етеді және кез-келген өзгерістер енгізуге құқылы;</p> <p>в) заңдар жеке иелерге ең төменгі шектеулер қояды.</p>	<p>а) толық мүлдіктік жауапкершілік;</p> <p>б) капитал көлемінің шектеулігі.</p>

**Акционерлік қоғам– өзінің әр түрлі тауарларын
өндіру мен қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін
жеке және заңды тұлғалардың қаражаттарын
тарту мақсатында акцияларды шығаруға негізделген
кәсіпорын**

Артықшылығы	Кемшілігі
а) мүшелерді біріктірудің ұйымдық-корпоративтік сипаты; б) шектеулі жауапкершілік; в) операцияларды жүзеге асырудың қарапайымдылығы;	а) құрудың күрделілігі және қымбаттылығы; б) ерекше салықтарды төлеу қажеттілігі; в) ашық акционерлік қоғам коммерциялы <u>күпияны</u> сақтай алмайды.

Шаруашылық серіктестік- кәсіпорынның екі немесе бірнеше иелерінің болуы. Жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне (салымдарына) бөлінген КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМ

Артықшылығы	Кемшілігі
<p>а) серіктестердің бірігуі қосымша қаржыны тартуға мүмкіндік береді;</p> <p>б) әр серіктес бұл іске өзінің жаңа шығармашылық идеяларын немесе талантын енгізеді;</p> <p>в) серіктестік салыстырмалы түрде оңай ұйымдастырылады және оған ерекше салық салынбайды.</p>	<p>а) көп жағдайда серіктестердің барлығы шектелмеген мүлктік жауапкершілікте болады;</p> <p>б) егер серіктестердің біреуі істен шығатын болса, онда серіктестік өзінің жұмысын ресми тоқтатады. Өз қызметін әрі қарай жалғастыру үшін серіктестік жаңа келісім жасауы тиіс;</p> <p>в) серіктестіктің өзіне тартатын капитал көлемінің шектеулігі;</p> <p>г) серіктестердің фирманы басқарудағы көзқарастарының сәйкес келмеуінің салдарынан фирманың өміріне қауіп төнуі мүмкін.</p>

ТОЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

– Толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК

– бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік;

СЕНІМ (КОММАНДИТТІК) СЕРІКТЕСТІК

– Серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктерімен) қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, серіктестіктің (салымшылардың) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға қатыспайтын бір немесе одан да көп қатысушыларды да енгізетін серіктестік

ҚОСЫМША ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БАР СЕРІКТЕСТІК

— Қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап беретін, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізілген салымдар арқылы жауап беретін серіктестік

Шаруашылық серіктестік түрлері

Өндірістік кооператив

- АЗАМАТТАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТҮШІН МҮШЕЛІК НЕГІЗДЕ, ОЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ЕҢБЕГІМЕН ҚАТЫСУЫНА ЖӘНЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ МҮЛІКТІК ЖАРНАЛАРЫН (ПАЙЛАРЫН) БІРІКТІРУІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЕРІКТІ БІРЛЕСТІК ӨНДІРІСТІК КООПЕРАТИВ ДЕП ТАНЫЛАДЫ.

Мемлекеттік кәсіпорын

- МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДАРҒА ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН (ҚАЗЫНАЛЫҚ) КӘСІПОРЫНДАР ЖАТАДЫ. МҰНДАЙ КӘСІПОРЫННЫҢ ОРГАНЫ УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ТАҒАЙЫНДАЙТЫН ЖӘНЕ ОҒАН ЕСЕП БЕРЕТІН БАСШЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Коммерциялық ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандарына тән белгілер

	Нысаны	Қатысушылар статусы	Қатысушылар саны
1	Толық серіктестік ТС	Тек жеке тұлғалар	2-ден кем емес
2	Коммандитті серіктестік КДС	Толық серіктестер (тек жеке тұлғалар), салымшылар (жеке және заңды тұлғалар)	2-ден кем емес, 1 толық серіктестен, 1 салымшыдан кем емес
3	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ЖШС	Жеке және заңды тұлғалар, ЖШС жалғыз қатысушысы ретінде 1 тұлғадан тұратын басқа шаруашылық серіктестік бола алмайды	1 және одан жоғары
4	Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік ҚЖС	Жеке, заңды тұлғалар, тұлғалар, ЖШС жалғыз қатысушысы ретінде 1 тұлғадан тұратын басқа шаруашылық серіктестік бола алмайды	1 және одан жоғары
5	Акционерлік қоғам АҚ	Жеке және заңды тұлғалар	1 және одан жоғары
6	Өндірістік кооператив ӨК	Жеке тұлғалар	2-ден кем емес
7	Мемлекеттің кәсіпорын	Мемлекеттік басқару органдары	Меншік иесімен анықталады

КОНЦЕРН

–көпсалалы
акционерлік қоғам, әр
түрлі компаниялардың
бақылау пакеттерін
сатып алады.

КОНСОРЦИУМ

– бұл ірі қаржы
операцияларын істеу
үшін біріккен
кәсіпкерлердің бірлестігі.

АССОЦИАЦИЯ

– экономикалық дербес
кәсіпорындардың ерікті
бірлестігі. Маманданған
кәсіпорынның негізгі мақсаты
ғылыми-техникалық, өндірістік,
экономикалық және әлеуметтік
міндеттерді бірігіп шешу.

СИНДИКАТ

– бір саланың кәсіпкерлерін
тауар сатуға біріктіру.

КАРТЕЛЬ

– тауар, қызмет көрсету бағасы, нарық аудандарын бөлу, өндіріс мөлшері жөнінде келісім.


ҚАРЖЫ — ӨНЕРКӘСІП ТОБЫ

– банк, сақтандыру және сауда капиталының бірлестігі.

УНИТАРЛЫ КӘСІПОРЫН

– коммерциялық мекеме, меншіктік құқығы жоқ. Унитарлық кәсіпорынның мүліктері бөлінбейді. Унитарлық кәсіпорын тек мемлекеттік немесе муниципалдық болады. Унитарлы кәсіпорын федералдық қазына кәсіпорны болып есептеледі..

Назарларыңызға рахмет



Телефон 8 (701) 320 37 24

E-mail: andabayeva.gulmira@kaznu.kz